



Бекітемін
Мектеп директоры м.а:
Б.Ж. Жумагулова

Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

472 – бұйрық негізінде

Тақырыбы: Балалардың әлеуметтену мәселелеріне тоқтатылып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік реабилитация мен бейімделуіне, жұмысқа орналасуы мен тұрғын үй кезегімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

№	Іс – шаралар	Орындалу мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1	Ұйымдастырушылық іс-шаралар. - Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру. - Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау.	тамыз	әлеуметтік педагог	жоспар
2	- «Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік қайырымдылық қорын ұйымдастырып, отбасы жағдайы төмен, аз қамтылаған отбасыларын анықтап, көмек көрсету.	тамыз	әлеуметтік педагог	акция аясында
3	- Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру.	тамыз	әлеуметтік педагог ДТДЖО	Анықтама
4	Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру.	тамыз	әлеуметтік педагог ДТДЖО	пед кеңес анықтама
5	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау.	тамыз	әлеуметтік педагог сынып жетекші кітапханашы	пед кеңес анықтама
6	Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспортын жасау.	қыркүйек	әлеуметтік педагог	мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу
II. Бала құқығын қорғау жұмысы				
7	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен байланыса отырып жұмыс жүргізу.	жыл бой	әлеуметтік педагог	анықтама
8	Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу	тоқсан сайын	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер психолог	анықтама
9	«Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	қыркүйек, қазан	әлеуметтік педагог ДТДЖО	мәлімет
10	«Отбасылық қарым қатынас» тақырыбында орта буын сыныптарында эссе жазу.	желтоқсан	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер	анықтама
11	«Бала құқығы- асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтар. Мектеп бірітуші сыныптарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 9-11 сыныптар	желтоқсан	әлеуметтік педагог ДТДЖО психолог сынып жетекші	анықтама
12	«Мен және менің дінге көзқарасым» 7-11 сыныптар сауалнама	ақпан	әлеуметтік педагог психолог	анықтама
13	«Өмір құндылығы» 5-11 сыныптар тренинг	сәуір	әлеуметтік педагог психолог	анықтама
III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс				
14	Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына	жылына екі	әлеуметтік	Акт

	зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.	рет	педагог және комиссия құрамы	
15	Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу	қыркүйек	ДТЖО сынып жетекші әлеуметтік педагог педагог психолог	анықтама
16	Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу.	Жыл бойы	ДТЖО әлеуметтік педагог педагог психолог	тізім
17	«Мен тұлғамын» 5-7 сыныптар дөңгелек үстел	наурыз	әлеуметтік педагог психолог	анықтама
18	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және аудан аймағында лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру	мамыр	әлеуметтік педагог	оқушы құжаттарын жинау
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәметке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәметке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
19	Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу	үнемі	әлеуметтік педагог педагог - психолог сынып жетекші ДТЖО	Болған жағдайда
20	Сабақтан себепсіз қалып кәметке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу.	үнемі		
21	Ата- апасымен тұратын оқушылардың отбасылық , әлеуметтік жағдайын бақылау	үнемі		
22	Медициналық сала өкілдерімен кездесулер өткізу	жоспарға сай		
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				
23	Ата-аналар жиналыстарына қатысу; Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау.	I.II.III.IV тоқсан	әлеуметтік педагог ДТЖО	хаттама
24	Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше - білімді қажет ететін оқушылардың білім алуын қадағалау.	үнемі	әлеуметтік педагог	кеңес беру ата-анасымен сұхбаттасу
25	«Бақытты отбасы-ол...» ата-аналарға арналған дөңгелек үстел	I.II.III.IV тоқсан	әлеуметтік педагог	
26	«Отбасы жарастығы» дөңгелек үстел ата-аналармен	наурыз	Әлеуметтік пед, психолог ДТЖО сынып жетекші	хаттама
27	Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым,	мамыр	әлеуметтік педагог	анықтама

	өз орным» сауалнамасын алып, диагностика жүргізу. 7-11 сыныптар аралығы.			
28	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	мамыр	әлеуметтік педагог	талдау
29	Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру	мамыр	әлеуметтік педагог	Жоспар әзірлеу

Әлеуметтік педагог:  Сахиев.Ж.Б.